

Оқыту платформасы

<https://supernovas.indrive.com/coaching>

Пайдалану шарттары

Бекітілген күні: _____

1. НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы Пайдалану шарттары (бұдан әрі — шарттар) «<https://supernovas.indrive.com/coaching>» оқыту платформасына (бұдан әрі — платформа) кіру рұқсатын және оны пайдалануды реттейтін негізгі ережелерді айқындайды.

1.2. Оқыту курсы «Қазақстан футбол федерациясы» қауымдастығы» Заңды тұлғалар бірлестігімен серіктестікте inDrive (шарттардың 1.6-тармағының мағынасы бойынша) Компаниялар тобының компаниясының әлеуметтік бастамасы ретінде өткізіледі.

1.3. Платформа балалармен жұмыс істей отырып, жаттықтырушы қызметін бастағысы келетін немесе жалғастырғысы келетін футбол жаттықтырушыларына арнап дайындалған интерактивті курсқа қатысуға мүмкіндік береді.

1.4. Бұл шарттардың мақсаты — платформамен жұмыс істеудің құқықтық шеңберін белгілеу, сонымен қатар оқытушылардың, пайдаланушылардың және платформа әкімшілігінің құқықтары мен міндеттерін анықтау. Шарттар сіз бен платформа әкімшілігі арасындағы заң жүзінде міндеттейтін келісім болып табылады. Осы платформаны пайдалана отырып, сіз осы құжатта баяндалған барлық шартты сақтауға келісесіз.

Бұл шарттарға келіспесеңіз, платформаны пайдалануды тоқтатыңыз. Әйтпесе платформаны пайдалануды жалғастыру осы шарттарға толық келіскеніңіз ретінде қарастырылады.

1.5. Компания кез келген уақытта осы шарттарға өзгерістер немесе жаңартулар енгізу құқығын өзіне қалдырады. Барлық маңызды өзгеріс туралы біз платформада жаңартылған шарттарды орналастыру арқылы хабарлаймыз. Ағымдағы шарттармен танысу үшін осы бөлімді қарап отырғаныңыз жөн.

Шарттарға өзгерістер енгізілгеннен кейін платформаны пайдалануды жалғастыру осындай өзгерістерге келісу ретінде қарастырылады. Егер жаңа шарттарға келіспесеңіз, платформаны пайдалануды тоқтатуыңыз керек.

1.6. Компания — inDrive компаниялар тобының құрамына кіретін барлық заңды тұлға. inDrive коммерциялық компаниясы оқыту курсын ұйымдастырушы және оны өткізу демеушісі болып табылады.

1.7. Компания өз қалауы бойынша кез келген уақытта осы пайдалану шарттарына өзгерістер, толықтырулар немесе жаңартулар енгізу құқығын өзіне қалдырады.

1.8. Пайдалану шарттарына елеулі өзгерістер енгізілген кезде, платформа оқытушылар мен пайдаланушыларды мынадай тәсілдердің бірімен хабардар етуге құқылы:

- Электрондық пошта хабарландыруы: оқытушылар мен пайдаланушыларға тіркелген кезде көрсетілген электрондық пошта мекенжайына енгізілген

өзгерістерді сипаттайтын және жаңартылған пайдалану шарттарына сілтеме берілген хабарландыру жіберіледі.

- Платформадағы хабарландырулар: өзгерістер енгізілген жағдайда, платформа жаңартылған шарттарға назар аударту үшін негізгі бетке немесе оқытушылар мен пайдаланушылардың жеке кабинетіне хабарландыру жариялай алады.
- Құжаттағы күнді жаңарту: пайдалану шарттары құжатының жоғарғы жағында соңғы өзгертілген күні жаңартылады, осылайша оқытушылар мен пайдаланушылар соңғы түзетулердің қашан енгізілгенін оңай анықтай алады.

2. ПАЙДАЛАНУ ТӘРТІБІ

2.1. Платформа тек курс оқытушыларының (бұдан әрі — оқытушылар), сондай-ақ балаларды футболға жаттықтыру жұмысын оқытуға мүдделі және D санатындағы лицензияны алғысы келетін адамдардың (бұдан әрі — пайдаланушылар) пайдалануына арналған. Мұндай тұлғалар мыналар болуы мүмкін:

- Санаты жоқ қазіргі және келешек футбол жаттықтырушылары: балалармен жұмыс істей отырып, жаттықтырушы қызметін бастағысы немесе жалғастырғысы келетін, бірақ тиісті біліктілігі жоқ адамдар.
- Оқытуға қызығушылық танытатын футбол әуесқойлары: білімін тереңдетіп, жаттықтырушы ретінде кәсіби қызметке ауысқысы келетін энтузиасттар мен жанкүйерлер.
- Футбол клубтары мен спорт мектептерінің түлектері: жақында спорт мекемелерінде оқуды аяқтаған және жаттықтырушы мансабын кәсіби қызметінің келесі сатысы ретінде қарастыратын жас мамандар.

2.2 Пайдаланушының міндеттері.

Платформамызды пайдалана отырып, пайдаланушы төмендегілерге келіседі:

- Пайдаланушы платформаға тіркелу және оның функцияларын пайдалану кезінде сенімді әрі ең дұрыс ақпаратты ұсынады. Тіркелу процесінде енгізген барлық ақпарат шынайы, толық және дәл болуы керек.
- Пайдаланушы платформаны футболдан жаттықтырушылық саласындағы білім мен дағдыларды алуға байланысты білім беру мақсатында ғана пайдаланады. Платформаны басқа мақсаттарда, соның ішінде әкімшіліктің алдын ала келісімінсіз коммерциялық қызмет үшін пайдалануға тыйым салынады.
- Пайдаланушы әкімшіліктің алдын ала жазбаша рұқсатынсыз платформадан материалдарды таратпайды, көшірмейді немесе жаңғыртпайды. Оқу материалдарының барлығы авторлық құқықпен қорғалған және тек жеке пайдалануға арналған.
- Пайдаланушы платформада қарым-қатынас жасау мен мінез-құлық ережелерін сақтайды. Бұл дегеніміз — платформаның басқа пайдаланушылары мен қызметкерлеріне құрметпен қарау, тіл тигізуден, қорқытудан, кемсітетін сөздер айтудан немесе басқа пайдаланушыларға зиян келтіретін не платформа жұмысын бұзатын кез келген басқа әрекет жасаудан тартыну.
- Пайдаланушы есептік жазбасының қауіпсіздігіне жауап береді. Яғни ол күрделі құпия сөзді пайдалануы, жазбаны қорғауы және есептік деректердің құпиялығын қамтамасыз етуі керек. Есептік деректерді үшінші тұлғаларға беруге қатаң тыйым салынады.

2.3 Платформаның қауіпсіздігі мен жұмысқа жарамдылығын сақтау үшін барлық пайдаланушыларға (оның ішінде оқытушыларға) мына әрекеттерді орындауға тыйым салынады:

- платформамен байланысты басқа пайдаланушылардың есептік жазбаларына, серверлерге немесе желілерге рұқсатсыз кіру әрекеттері;
- зиянды бағдарламалық жасақтаманы, соның ішінде вирустарды, тыңшылық бағдарламаларды немесе платформа жұмысын бұзатын не басқа пайдаланушылардың ақпаратын зақымдайтын кез келген басқа бағдарламаны тарату мақсатында платформаны пайдалану;
- заңсыз, қорлайтын, кемсітетін немесе басқа тұлғалардың құқықтарын қандай да бір жолмен бұзатын контентті орналастыру не тарату;
- платформаға кіру немесе серверлердің шамадан тыс жүктелуіне немесе платформа өнімділігінің төмендеуіне әкелуі мүмкін әрекеттерді орындау үшін автоматтандырылған жүйелерді (мысалы, боттарды) пайдалану.

2.4 Осы шарттарды бұзу салдарлары мынадай болуы мүмкін:

- Есептік жазбаны уақытша немесе біржола бұғаттау: бұзу ауырлығына қарай платформа әкімшілігі есептік жазбаңыздың жұмысын уақытша тоқтата алады немесе оны толығымен бұғаттай алады.
- Заңсыз контентті жою: осы шарттарды бұзатын кез келген контент алдын ала хабарландырусыз жойылады.
- Құқықтық іс-әрекеттер: ауыр бұзу жағдайларында платформа әкімшілігі зиянды өтеу туралы талап қоюды қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей, құқықтық іс-әрекеттер жасау құқығын өзіне қалдырады.

2.5. Платформаны пайдаланатын оқытушылар төмендегілерге келіседі:

- Оқытушы платформаны тек білім беру мақсатында (олардың жаттықтырушылық дағдыларын дамыту және футболдан жаттықтырушылық саласында білім беру) пайдалануға міндеттенеді.
- Оқытушы өзінің есептік деректерін үшінші тұлғаларға табыстай алмайды, сондай-ақ платформаға тіркелмеген тұлғаларға платформа материалдарын рұқсатсыз алу мүмкіндігін бере алмайды.
- Оқытушының платформаны коммерциялық мақсатта пайдалануға құқығы жоқ.

3. КУРСТАРҒА ТІРКЕЛУ ЖӘНЕ КІРУ

3.1. Платформамыздағы оқыту курстарына кіру үшін пайдаланушылар төмендегі қадамдарды қамтитын тіркелу процесінен өтуі керек:

- Жеке ақпарат беру: тіркелу кезінде толық аты-жөніңіз, электрондық пошта мекенжайыңыз сияқты сенімді ақпарат, сондай-ақ тіркелу нысанында көрсетілген және есептік жазба жасау үшін қажет болуы мүмкін басқа ақпаратты беруіңіз керек.
- Тіркелуді растау: кейбір жағдайларда электрондық пошта немесе басқа верификация әдістері арқылы тіркелгеніңізді растау қажет болады.

3.2. Оқыту курсына қатысу **тегін**.

3.3. Тіркеліп, есептік жазбасына кіргеннен кейін, пайдаланушылар платформада ұсынылған оқу материалдарын пайдалана алады.

3.4. Платформада есептік жазбаны пайдалану төмендегі ережелердің сақталуын білдіреді.

- Есептік жазбаның жалғыздығы: әр пайдаланушының платформада тек бір есептік жазбасы болады. Бір пайдаланушыға бірнеше есептік жазба жасауға тыйым салынады.
- Есептік жазбаны беруге тыйым салу: есептік жазба жеке болып табылады және үшінші тұлғаларға берілмейді. Есептік жазбаны басқа тұлғаға беру немесе басқа тұлғаға тиесілі есептік жазбаны пайдалану әрекеті пайдалану шарттарын бұзуға жатады.

3.5. Курстарға кіру және платформа материалдарын пайдалану рұқсатын алғанда, пайдаланушылар төмендегілерді істеуге міндетті.

- Авторлық құқықтарды сақтау: курстың барлық материалдары авторлық құқықпен қорғалған, оларды тек оқу процесінде пайдалануға рұқсат етіледі. Компанияның жазбаша рұқсатынсыз материалдарды көшіруге, таратуға немесе коммерциялық жолмен пайдалануға қатаң тыйым салынады.
- Оқу процесіне белсенді қатысу: курстан өткенде жақсы нәтижелерге қол жеткізу үшін пайдаланушылар тапсырмаларды орындау мерзімін сақтауға және оқу процесіне белсенді қатысуға міндетті.
- Академиялық адалдықты сақтау: оқу процесіндегі алаяқтық, плагиат немесе академиялық адалдықты бұзу әрекеттері курстан шығаруға және есептік жазбаны бұғаттауға әкелуі мүмкін.

3.6. Пайдаланушы платформаға тіркелу кезінде ұсынылған барлық ақпарат үшін толықтай жауапты болатынына кепілдік береді.

3.7. Пайдаланушы компанияға платформаны алға жылжыту мақсатында жарнамалық және ақпараттық мақсаттарда пайдаланушының тегін, атын, әкесінің атын және фотосуретін қолдануға құқық береді.

3.8. Оқытушылардың тіркелуі және пайдалану рұқсатын алуы

Платформада оқу материалдарын алу үшін оқытушылар төмендегі қадамдарды қамтитын тіркелу процесінен өтуі керек.

- Жеке ақпарат беру: тіркелу кезінде оқытушылар толық аты-жөні, электрондық пошта мекенжайы, жұмыс орны сияқты нақты әрі сенімді ақпарат, сондай-ақ есептік жазба жасау үшін қажет кез келген басқа ақпаратты беруі керек. Оқытушылар футбол жаттықтырушыларына D санатындағы сертификат беруге құқығы бар ұйымдарда жұмыс істеуі керек.
- Мақұлдау туралы сұрау: ақпарат берілгеннен кейін, тіркелу туралы сұрау тексеру және бекіту үшін платформа әкімшілігіне жіберіледі. Тіркелу расталғаннан кейін ғана, оқытушыларға материалдарды пайдалануға рұқсат беріледі.
- Тіркелуді растау: платформа әкімшілігі сұрауды қараған соң, электрондық пошта немесе басқа верификация әдістері арқылы тіркелуді растау қажет болады.

3.9. Оқытушылар курс материалдарын тегін пайдалана алады.

3.10. Платформа әкімшілігі тіркеп, мақұлдағаннан кейін, оқытушылар жүйелі өту процесін орындамай-ақ барлық оқу модулін пайдалана алады.

3.11. Оқытушы платформада есептік жазбасын мына ережелерге сай пайдалануы керек:

- Есептік жазбаның жалғыздығы: әр оқытушының платформада тек бір есептік жазбасы болады. Бір пайдаланушыға бірнеше есептік жазба жасауға тыйым салынады.
- Есептік жазбаны беруге тыйым салу: есептік жазба жеке болып табылады және үшінші тұлғаларға берілмейді. Өзінің есептік жазбасын басқа тұлғаға беру немесе басқа тұлғаға тиесілі есептік жазбаны пайдалану әрекеті пайдалану шарттарын бұзуға жатады.

3.12. Платформаның оқу материалдарын алғанда, оқытушылар төмендегілерді істеуге міндетті.

- Авторлық құқықты сақтау: барлық оқу материалы авторлық құқықпен қорғалған, оларды тек білім беру процесінде пайдалануға болады. Платформа әкімшілігінің жазбаша рұқсатынсыз материалдарды көшіруге, таратуға немесе коммерциялық жолмен пайдалануға қатаң тыйым салынады.
- Оқу процесіне жәрдемдесу: оқытушылар нақты және сапалы материалдарды ұсына отырып, пайдаланушыларды оқу кезінде қолдауға, сондай-ақ курстан өтіп, үздік нәтижелерге қол жеткізуі үшін, олардың сұрақтарына уақытында жауап беруге міндетті.
- Академиялық адалдықты сақтау: оқытушылар алаяқтыққа, плагиатқа және оқу стандарттарын бұзуға жол бермей, платформада академиялық адалдықты дамытуға көмектесуге міндетті.

3.13. Оқытушы платформаға тіркелу кезінде ұсынылған барлық ақпаратқа, соның ішінде D санатындағы футбол жаттықтырушыларына сертификат беру үшін аккредиттелуі тиіс жұмыс орны туралы ақпаратқа толықтай жауапты болатынына кепілдік береді.

3.14. Оқытушы компанияға платформаны алға жылжыту мақсатында өзінің атын, тегін және фотосуретін жарнамалық және ақпараттық мақсатта пайдалануға құқық береді.

4. ОҚУ МАТЕРИАЛДАРЫ

4.1. Платформа түрлі оқу материалдарына қолдануға мүмкіндік береді. Олар мыналарды қамтиды:

- бейне дәрістер;
- мақалалар мен оқу мәтіндері;
- тесттер.

4.2. Платформадағы оқу материалдары пайдаланушылар мен оқытушыларға жеке оқу үшін беріледі және төмендегі ережелерге сай пайдаланылуы керек.

- Жеке пайдалану: пайдаланушылар мен оқытушылар материалдарды тек жеке оқу мақсаттары үшін пайдалана алады. Алдын ала жазбаша рұқсатсыз материалдарды коммерциялық жолмен пайдалануға тыйым салынады.
- Көшіруге және таратуға тыйым салу: курстың барлық материалы авторлық құқықпен қорғалған, оларды көшіруге, таратуға, жариялауға немесе үшінші тұлғаларға беруге тыйым салынады. Пайдаланушылар мен оқытушылардың кез келген жолмен (соның ішінде скриншоттар, материалдарды сыртқы тасымалдағыштарға жүктеп алу және сақтау, бірақ олармен шектелмейді) материалдардың көшірмелерін жасауға құқығы жоқ.

- Материалдарды өзгертуге қойылатын шектеулер: пайдаланушылар мен оқытушылар платформа әкімшілігінің алдын ала рұқсатынсыз курс материалдарына негізделген туынды жұмыстарды өзгертуге, бейімдеуге немесе жасауға құқылы емес.

4.3. Платформада орналастырылған барлық материал, соның ішінде мәтіндер, бейнелер, графика, логотиптер мен басқа элементтер — платформаның меншігі немесе авторлық құқық иелерінің рұқсатымен берілген.

Пайдаланушылар мен оқытушылар платформа материалдарын пайдалану кезінде авторлық құқық пен зияткерлік меншікке қатысты қолданыстағы барлық заңды сақтауға міндетті. Кез келген бұзу әрекеті заң тұрғысынан салдарларға әкелуі мүмкін, соның ішінде есептік жазбаны бұғаттау және зиянды өтеу туралы талап қою, бірақ олармен шектелмейді. Пайдаланушылар мен оқытушылардың авторлық құқық иелерінің алдын ала жазбаша рұқсатынсыз брендiлердi, логотиптердi немесе платформаның басқа фирмалық элементтерін пайдалануға құқығы жоқ.

4.4. Платформа материалдарды "сол күйінде" ешқандай кепілдіксіз (айқын немесе ұйғарынды) ұсынады. Платформа әкімшілігі пайдаланушылар мен оқытушылардың нақты мақсаттары үшін материалдардың дәлдігі, толықтығы немесе жарамдылығы үшін жауап бермейді.

4.5. Кейбір жағдайларда платформада үшінші тұлғалар немесе серіктестер ұсынған материалдар орналастырылуы мүмкін. Мұндай материалдарды пайдалану нақты материалдарға тікелей байланысты көрсетілетін қосымша шарттармен реттеледі.

4.5.1. Пайдаланушылар мен оқытушылар үшінші тарап құқық иелері белгілеген барлық пайдалану шартын сақтауға міндетті. Осы шарттар бұзылса, материалдарды пайдалану рұқсаты бөгеліп, басқа да санкциялар салынуы мүмкін.

4.5.2. Үшінші тарап ресурстарын немесе сыртқы сайттардың сілтемелерін пайдаланған жағдайда, платформа мұндай ресурстардың мазмұнына немесе оларды пайдаланушылар мен оқытушылардың пайдалануына жауапты болмайды.

5. СЕРТИФИКАТТАУ ПРОЦЕСІ

5.1 Курстың барлық оқу модулін сәтті аяқтағап, қорытынды тесттен өткеннен кейін, пайдаланушылар қатысу туралы сертификат ала алады. Бұл сертификат пайдаланушының курс материалдарын меңгергенін және оқыту курсын сәтті аяқтағанын растайды.

- Барлық модульді аяқтау: сертификат алу үшін пайдаланушылар курста берілген барлық оқу модулінен өтуі керек. Бұған бейне дәрістердің барлығын көру, ұсынылған материалдарды оқу және интерактивті тапсырмаларды орындау жатады.
- Аралық тесттер: әр оқу модулін аяқтаған соң, келесі оқу модуліне өту үшін пайдаланушылар курста қарастырылған аралық тесттерді орындауы керек.
- Қорытынды тест: курстың соңында пайдаланушылар білімін және өткен материалды түсінгенін тексеретін қорытынды тест тапсыруы керек. Тестті сәтті тапсыру сертификат алудың міндетті шарты болып табылады.

5.2. Курстың барлық шартын сәтті орындағаннан кейін, пайдаланушылар сертификатты электронды түрде ала алады.

5.3. Платформада алынған қатысу туралы сертификат курстан өтуді растайды, бірақ ол D санатындағы ресми лицензия емес. Футбол федерациясынан ресми D лицензиясын алу үшін пайдаланушылар қосымша қадамдарды орындауы керек.

- Аймақтық футбол федерациясымен хабарласу: пайдаланушылар өздерінің аймақтық футбол федерациясына біліктілік тестінен өту сұрауы бойынша хабарласуы керек. Федерация тестілеудің уақыты мен орны туралы қосымша ақпарат бере алады.
- Біліктілік тестінен өту: D лицензиясын алу үшін пайдаланушылар курста алған практикалық және теориялық білімін бағалайтын біліктілік тестін сәтті тапсыруы керек. Тест жазбаша және практикалық тапсырмаларды қамтуы мүмкін. Оларды федерация мамандары бағалайды.
- Лицензия беру: тесттен сәтті өткеннен кейін, аймақтық футбол федерациясы пайдаланушыға D санатындағы лицензия береді. Бұл лицензия арқылы ол балаларды жаттықтырумен ресми түрде айналыса алады.

6. РАСТАМАЛАР МЕН КЕПІЛДІКТЕР

6.1. Пайдаланушылар мен оқытушылар қылмыстық жолмен тапқан табысты заңдастыруға қарсы іс-қимылға, сыбайлас жемқорлық пен парақорлыққа қарсы іс-қимылға, заңсыз саудаға қарсы іс-қимылға, балалар еңбегінің немесе мәжбүрлі еңбектің пайдаланылуына тыйым салуға, құпия ақпаратты тиісінше және заңды пайдалануға қатысты қолданылатын барлық заңның талаптарын осы растамаларды берген сәтте орындайтынын және компаниямен жасалатын іскерлік қатынастардың қолданылу мерзімі ішінде орындауға міндеттенетінін растайды, сондай-ақ мұндай заңдардың бұзылуына әкелетін әрекеттерді жасамайтынын, мұндай қызметке қатысуға ешкімге мүмкіндік бермейтінін, оны ынталандырмайтынын және оған түрткі болмайтынын растайды.

6.2. Пайдаланушылар мен оқытушылар өздері, сонымен қатар иесі болып табылатын немесе пайдаланушыны не оқытушыны бақылайтын кез келген тұлға халықаралық ұйымдар, мемлекеттер одақтары немесе жекелеген елдер (соның ішінде АҚШ-тың ерекше санаттағы азаматтары мен бұғаттауға жататын адамдардың тізімі, бірақ олармен шектелмейді) бекіткен, осы Регламентке сәйкес өз міндеттемелерін тиісінше орындауға тыйым салатын немесе өзге де жолмен шектейтін санкциялардың кез келген тізіміне енгізілген тұлға емес екенін растап, мәлімдейді.

Пайдаланушылар мен оқытушылар осы бағдарламаға қатысу кезінде олардың қызметі халықаралық ұйымдар, мемлекеттер одақтары мен жекелеген елдер енгізген халықаралық санкциялық режимдерді, сауда эмбаргосын және басқа да шектеулерді бұзуға бағытталмағанын растап, мәлімдейді.

6.3. Пайдаланушылар мен оқытушылар осы Регламент бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде олардың қызметкерлері, агенттері және үлестес тұлғалары (осы міндеттемелердің аталған тұлғаларға таралуын бақылауды жүзеге асырудың орынды мүмкіндігін ескере отырып) парақорлыққа, коммерциялық параға жығуға қатыспайтындығын, қандай да бір заңсыз артықшылық алу мақсатында немесе өзге де заңсыз мақсаттарға жету үшін кез келген тұлғаның іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін осы тұлғаларға тікелей не жанама түрде құндылықтар мен ақшалай қаражатты төлемейтінін, төлеуді ұсынбайтындығын және төлеуге рұқсат бермейтіндігін куәландырады.

6.4. Пайдаланушылар мен оқытушылар мынадай контрагенттермен бірге жұмыс істемейді және жаңа шарттар жасаспайды/қолданыстағы шарттардың мерзімін созбайды: бизнес жүргізудің жалпы қабылданған құндылықтары мен қағидаттарына сәйкес келмейтін;

кемсітушілік көрсететін, атап айтқанда шығу тегіне, діни көзқарасына, тері түсіне, нанымдарына, жынысына немесе жасына байланысты, бірақ олармен шектелмейді.

6.5. Пайдаланушылар мен оқытушылар қолданыстағы заңнаманың және нормативтік актілердің экологиялық, әлеуметтік және басқарушылық нормаларын сақтау үшін бүкіл күшін салатындығын куәландырады. Сонымен қатар заңнаманың қолданылатын талаптарына енгізілетін белгілі немесе болашақта күтілетін кез келген өзгерісті болжауға және олардың сақталуын қамтамасыз ету үшін барлық орынды әрекетті жасауға міндетті.

6.6. Осы құжатты қабылдау арқылы пайдаланушылар мен оқытушылар https://indrive.com/mobile/page/anti_corruption_policy/русыбайлас_жемқорлыққа_қарсы_іс-қимыл_саласындағы және https://indrive.com/mobile/page/code_of_conduct/руәдепке_сай_бизнес_жүргізуге қатысты inDrive саясаттарының негізгі қағидаттарына келісетіндерін растап, оларды ұстануға міндеттенеді.

6.7. Пайдаланушылар немесе оқытушылар бағдарламаға қатысу кезінде және/немесе inDrive ішкі процедуралары бойынша алдын ала тексеру процесінде, соның ішінде сенімділікті тексеру, қылмыстық жолмен тапқан табысты заңдастыруға қарсы іс-қимыл саласындағы тексеру процедураларында ұсынылған барлық құжат пен ақпарат ұсыну кезінде сенімді, жарамды, нақты әрі жаңылыстырмайтын болды.

6.8. Пайдаланушы не оқытушы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл, қылмыстық жолмен тапқан табысты заңдастыру, заңсыз сауда, inDrive-тың құпия ақпаратын қорғауға қойылатын талаптарды бұзу саласындағы ықтимал немесе болған бұзу жағдайлары туралы білсе, контрагент «Integrity Line» комплаенс жүйесіне compliance@indrive.com электрондық пошта мекенжайы бойынша жүгіну арқылы компанияға бұл жөнінде дереу хабар береді.

6.9. Пайдаланушы не оқытушы осы бөлімде көрсетілген растамаларды бұзған жағдайда, екінші тарап осы сәтте жасалған шарттарды орындаудан біржақты соттан тыс тәртіппен бас тартуға, сондай-ақ басқа тараптан келтірілген залалдарды өтеуді талап етуге құқылы.

7. ЖЕКЕ ДЕРЕКТЕРДІ ҚОРҒАУ

7.1. Компания платформа пайдаланушылары мен оқытушыларының дербес деректерін жеке деректерді қорғау жөніндегі барлық қолданылатын заңға сай, Құпиялық саясатында айқындалған талаптар бойынша және мақсаттарға жету үшін өңдейді.

8. БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

8.1. Платформа байланыстың бірнеше әдісін ұсынады:

- Электрондық пошта: сұрақтарыңызды, ескертулеріңізді немесе сұрауларыңызды мына электрондық пошта мекенжайына жібере аласыз: [_____].
- Кері байланыс нысаны: платформаның веб-сайтында қолдау қызметіне хабар жіберу үшін толтыруға болатын арнайы кері байланыс нысаны бар.

9. БАСҚА ЕРЕЖЕЛЕР

9.1. Егер осы шарттардың қандай да бір ережесі қолданыстағы заңнамаға сәйкес жарамсыз, заңсыз немесе заңды күші жоқ деп есептелсе, бұның қалған ережелердің жарамдылығы мен заңды күшіне еш әсері болмайды.

9.2. Құпиялық саясатымен және оларда сілтемелер берілген басқа құжаттармен бірге осы Пайдалану шарттары пайдаланушы, оқытушы және платформа арасындағы толық келісімді құрайды.

9.3. Осы Пайдалану шарттарында көзделген міндеттемелер платформаны орынды бақылаудан тыс жағдайларға (форс-мажор) байланысты кешіктіріліп орындалса немесе орындалмалмаса, платформа бұған жауапты болмайды:

- Форс-мажор жағдайлары: мұндай жағдайларға табиғи апаттар, өрт, су тасқыны, соғыстар, азаматтық тәртіпсіздік, мемлекеттік органдардың әрекеттері, эпидемиялар, пандемиялар, техникалық ақаулар және болжауға немесе алдын алуға болмайтын басқа оқиғалар жатуы мүмкін.
- Форс-мажор туралы хабарландыру: форс-мажор жағдайлары туындаған жағдайда, платформа осындай жағдайлар туындағаннан кейін дұрыс уақытта барлық пайдаланушыға өз міндеттемелерін кешігіп орындайтынын немесе орындай алмайтынын хабарлайды.

9.4. Осы Пайдалану шарттары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеліп, түсіндіріледі.